**Өткен жылдары республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді ( несиелерді) жергілікті атқарушы органдардың өтеуінен түсетін түсімдердің айлар бойынша кестесі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 ақпан N 209

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы Z000131_ Заңының 11-бабын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Өткен жылдары республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді (несиелерді) жергілікті атқарушы органдардың өтеуінен түсетін түсімдердің 2001 жылға арналған айлар бойынша кестесі бекітілсін.

2. Облыстардың және Астана қаласының әкімдері бюджеттік кредиттер

(несиелер) бойынша берешекті бекітілген кестеге қатаң сәйкестікте өтеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

бір ай мерзімде облыстардың әкімдерімен бірлесіп бұрын жасалған кредиттік келісімдерге қажетті өзгерістер енгізсін;

бақылаудан жүзеге асырсын және есептіден кейінгі айдың 15-күніне дейін осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 8 ақпандағы
N 209 қаулысымен
бекітілген

Өткен жылдары республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді
(несиелерді) жергілікті атқарушы органдардың
2001 жылға арналған өтеу
Кестесі

Ескерту. Кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.05.29. N 733 қаулысымен.

P010733_

мың теңге

| Облыстың атауы | 2001 жылы өтеу көзделген | оның ішінде | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр |
| Ақмола | 176 000 | | 10 000 | 10 000 | 10 000 | 16 222 |
| Ақтөбе | 427 000 | | 35 000 | 35 000 | 35 000 | 35 000 |
| Батыс Қазақстан | 241 000 | | | 28 000 | 28 000 | 28 000 |
| Қарағанды | 350 000 | | 350 000 | | | |
| Қостанай | 210 000 | | | 19 000 | 19 000 | 19 000 |
| Астана қаласы | 400 000 | | | 36 000 | 36 000 | 36 000 |
| Барлығы | 1 804 000 | | 395 000 | 128000 | 128000 | 134 222 |

таблицаның жалғасы

| | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ақмола | | | | 48 668 | 48 666 | 32 444 | |
| Ақтөбе | | | | 105 000 | 105 000 | 77 000 | |
| Батыс Қазақстан | | | | 50 000 | 50 000 | 57 000 | |
| Қарағанды | | | | | | | |
| Қостанай | | | | 57 000 | 57 000 | 39 000 | |
| Астана қаласы | | | | 108 000 | 110 000 | 74 000 | |
| Барлығы | | | | 368 668 | 370 666 | 279 444 | |

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК